

Баянауыл

Баянауыл аудандық қоғамдық-саяси газеті

№67 (11386)
17 қыркүйек,
2022 жыл

Бизнеске қолдау

Қаныш Сәтбаев атындағы мемориалдық мұражайында Баянауыл ауданының бизнес қоғамдастық мүшелерімен кездесу өтті. Кездесуге «Кәсіпкерлік саласындағы жүйелі проблемалық мәселелерді белгілеу және шешу» тақырыбы талқыланды.

Жүсіпбек ӘБЛЕШ



Бизнесінің құқығын қорғау мақсатында Павлодар облысында өңірлік штаб жұмыс атқарады. Осы штабтың жұмысымен таныстыру үшін ауданымызға Павлодар облысы прокуратурының бірінші орынбасары Талғат Әлібаев, Павлодар облысы прокуратурасының қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасы бастығының орынбасары Айдар Байсақов және де «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Павлодар облысы бойынша филиалы директорының құқықтық сұрақтар бойынша орынбасары Серік Әубәкіров келді. Отырыс аудан әкімі Серік Батырғожиновтың төрағалығымен басталып, жиынға аудан әкімінің орынбасары, ауданымыздың мекеме басшыларымен жеке кәсіпкерлер қатысты. Жиын барысында Жасыбай демалыс орнының кәсіпкерлерінің шағымдары айтылды. Кәсіпкерлердің айтуынша, жаз айларындағы демалыс уақыттарында Жасыбай көлінің маңайында орналасқан демалыс орындарының көбісінде

электр жарығы жүйесімен проблемалық жағдайлар туындаған. Бұл турасына аудан әкімі Серік Барлыбайұлы: «Бұның бәрі мердігерлермен бекітілген 1,5 млрд теңгені құрайтын жобаның бас кезінде дұрыс болмауынан, демалыс орнының басындағы трансформаторлардың жанып кету себебі де осы. Олар ток желісінің шамадан артық қолданылуынан және резервті электр желісінің жоқтығынан пайда болды. Бұл мәселені шешуді 1 айдың ішінде қолға аламыз, ол үшін жаз бойы жергілікті қаражаттан жаңадан 9 трансформатор сатып алынды», - деді. Сонымен бірге, Сабындыкөл жағалауындағы жалға алынған жер теліміндегі мәселе де көтерілді. Жер қожайынының айтуынша бұл орынға Сабындыкөл туризмің дамыту үшін жаңа демалыс орны бой көтерілмек болған, сол себепті мұнда ток жүйесі-

мен, су құбыры жолы тартылып, бірақ қазір көп уақытқа жалға алу келісімі Ұлттық парктің шешімімен қабылданабай тұр екен. Айтылған шағымға Ұлттық парк басшысының орынбасары Фархат Сыздықов: «Осындай жағдайлар қазір Торайғыр көлінің маңындағы демалыс орындарында да көтеріліп жатыр. Ұлттық парктің 2021 жылы бекітілген Бас жоспарына жүгінсек жалға алу келісімшартының уақыты 1 жылды құрайды. Ал ауданымыздың кәсіпкерлері жерді ұзақ мерзімге 5-10 жыл аралығына сұрап отыр. Сонымен қатар бүгінгі күні Ұлттық парк комитетімен жаңа Бас жоспары қаралуда, әлі бекітілмеген. Осы тұрғыдан бұл жер телімдерінің мәселесі кейінгі кезекке қойылды», - деп жауап берді.

Ауыл шаруашылығына кедергі болып тұрған мәселе – бұл ауылдағы ветеринария саласын дамыту, мал дәрі-

герлерінің айлық ақысының төмендігі. Осыған қоса кететін жағдай шөп шабу мерзімі кезінде керекті құрал-саймандардың, жанар-жағармайдың қымбаттап кетуі дейді жеке кәсіпкерлер. Бұл турасында аудан әкімі: «Биылғы жылы мемлекеттен шаруа қожалықтарына қаражат бөлінбеген. Айтпаса болмас бұл мемлекет жүйесіндегі ағаттық. Осыған байланысты желілік жанармай құю бекетін салуды ұйғардық. Бүгінде «Монолит», «Пегас» басшыларымен сөйлестік, аудан орталығынан жер беріліп жуық арада жаңа бекеттер салуға шешім қабылданады», - деді.

Бұл шағымдардың түгелін Павлодар облысы прокуратурының бірінші орынбасары Талғат Әлібаев өзіне түртіп алып, алдағы уақытта назарда болатындығын айтты.

Терек мамығынан қағаз жасап шыққан жас ғалым

Әлихан Рахымбай Ерболұлы Астана қаласындағы Абай атындағы мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы. Ғылыми жаңалық ашуды мақсат еткен жас ғалым республикалық «Мағжан оқулары» жыр-мұшайрасының жеңімпазы, көркем сөз оқу шебері. Сонымен бірге, 2022 жылғы өткен «Қаныш Сәтбаев және Қазақстан ғылымы» атты ғылыми жобалар байқауының «Қаныш мұрасы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды, бірнеше жылдан бері актерлік қабілетін шыңдап, «2+2=4», «Ауыл сити» сериалдарына түскен. Көркем сөз өнеріне қызығушылығы 5-сыныптан басталып, қазірге дейін өшпеген Әлихан тырмысып, тырысудан жалықпаған. Өзінің айтуынша, бүгінгі таңда Мұқағали Мақатаев және қазіргі заманның сал серісі, мәнерлеп оқу шебері Асхат Амангелдінің өлеңдерін сүйіп оқиды. Кітап оқу мен өлең жазудан жанына тыныштық таба білген жас ақын көпке үлгі, жұртының сүйіктісі болып жүр. Осындай білім мен ғылымға құштарлығының себепкері болған ата-анасына, аяулы ұстаздарына алғысын жаудырудан жалықпайды, тәрбиенің тал бесіктен екендігіне дәлел десек те болады.

Келбет НҰРЖАНҚЫЗЫ




Әлихан әдебиет, актерлік, сурет салудан бөлек, ғылыми жобалармен де айналысады. «Ізденіп, істеп жүрген жұмыстарымның біреуі түбінде менің болашағымға үлкен септігін тигізеріне сенімдімін. Жігітке жеті өнер де аз деген сөз бар емес пе», - дейді жас ғалым.

Енді терек мамығынан жасалған қағазға келетін болсақ, химия пәні мұғалімі Әлиханға алдымен ғылыми жобаның не екендігін түсіндіріп, кейін көптеген тақырыптар ұсынған. Ғылыми жобаның әлемде бір із қалдыру, жаңалық ашу екендігін түсінген Әли-

хан бірден іске кіріскен. Ойлана келе, Қазақстанға пайдасы бар, экономика мен экология және уақыт шеңберінде тиімді осы бір іспен айналысуды жөн санаған. Әрі жылдам, әрі оңай деп жасалу жолын былай түсіндірді: «Ең бірінші өсіп тұрған терек мамығын жинап, дөңдерінен ажыратып аламыз. Блендерде 100 грамм макулатурада қолданылатын қағазбен айналдырамыз. Болған соң, рамкадағы сеткамен суға батырып, үстіне газет қойып үтіктейміз. Соңғы әрекет сүзбеден өткізіп, шамамен 1-2 апта кепкенін күтеміз. Міне осылайша терек мамығынан жасалатын қағазымыз дайын болады».

Еліміздің өркендеуі, болашағымыздың жарқын болуы жастардың қолында, ал жастардың дұрыс ба-



ғытта жүріп, рухани байлығының жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үлкендеріміздің парызы. Жерімізден талай ұлылардың шыққаны бәрімізге мәлім, әлі де шыға беруі бәрімізге мақсат болғаны дұрыс-ақ.

Жемқорлыққа жол жоқ



Ақсаң ауылдық мәдениет үйінің ұжымы Ақсаң ауылдық кітапханасы және Жалғызқайың ауылдық клубының қатысуымен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парызымыз» атты еркін микрофон өткізді. «Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр», - деп Несіпжан Бақытқызы шарада сөз алды.

– Жемқорлық дегеніміз – сапасыз

білім, білімсіз мамандар, сапасыз медицина, сапасыз жолдар. Жемқорлық кең етек алып тамыр жайған елде ештеңенің көсегесі көгермейді. Бірде-бір сала ойдағыдай дамып өркендемейді. Әйтпесе, тәп-тәуір бағдарламалар бар, оларды жүзге асыруға бөлініп жатқан қаражат та аз емес. Бірақ жеме-жемге келгенде көзге көрінбейтін суық қолдар мемлекетіміздің қаржысын ата-бабасының мұраға қалдырып кеткен

байлығындай түрлі жолдарды іске қосу арқылы иемденіп кетеді, - деді Баян Диханқызы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әрбір азаматтың парызы және әр жеке тұлға белсенді азаматтық ұстаным білдіруі қажет.

Н.АСЫЛБЕКОВА,

Ақсаң ауылының кітапханашысы.

МЕДИАЦИЯНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МОЛ

Қазақстанда «Медиация туралы» Заң 2011 жылдың 5 тамызында күшіне енді. Қазақстан азаматтарын құқықтық көмекпен қамтамасыз ету – азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтау үшін ғана емес, сондай-ақ олардың міндетін анықтау және даулы жағдайларды шешу үшін маңызды.



Осы бағытта медиацияның көмегі мол. Медиацияны азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қатынастар бойынша, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша дауларда қолданады. Азаматтардың да, заңды тұлғалардың да медиацияға белсенді жүгінуді кезінде сот жүйесіне түсетін жүктеме айтарлықтай төмендейді.

Медиация процесі сот процесінен сөзсіз ерекшеленеді. Біріншіден, медиация өзара тиімді және бейбіт келісімге қол жеткізуді көздейді. Бұл қағидаттар айыптыны бас бостандығынан айыру жолымен жазалау емес, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қалпына келтіруді көздейді. Нақтырақ айтқанда, медиация мүмкіндігінше істі сотқа жеткізбеуге ұмтылады.

Медиацияның тағы бір артықшылығы – уақыт жағынан ұтымды. Сот процесі айларға созылып, мәселе ұзақ шешілуі мүмкін. Сонымен қатар сот жария процесс, ал медиация құпиялықты қамтамасыз етеді. Медиация кезінде тараптар тең құқыққа міндетті түрде ие болады.

М.ҚҰНАНБАЕВА,

Баянауыл аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

ӨЗ ТІЛІМІЗ – ӨЗЕГІМІЗ



Тіл – ең асыл құндылық, бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, салт-дәстүр жатыр. Сондықтан кез келген халық өз тілімен мақтанып қана қоймай, оны дамытып, насихаттауы тиіс.

Майқайың кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінде Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Өз тіліміз – өзегіміз» атты әдеби монтаж өткізілді. Әдеби монтаж барысында кітапханашы мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып бекітілгені, Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заң» күшіне енгені жайлы айтып өтті. Тұрақты оқырмандарымыз қатысып, тіл туралы пікірлерін ортаға салды. Сонымен бірге, Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы», «Қазақ тілі білімнің мәселелері», Асылы Османнның «Тіл Тәуелсіздігі – ел болашағы» атты кітаптары оқырмандар назарына ұсынылды. Оқырманымыз Оразалинова Айым тілге деген сүйіспеншілігін тіл туралы өлеңмен жеткізді.

Т.ӘБІЛҚАСОВА,

Майқайың кітапханасының балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы.

ДАРА ТҰЛҒА

Шоманкөл ауылы кітапханасында еліміздің тарихында дара орын алатын алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған көрме ұйымдастырылып, оқырмандарға шолу жасалды. «Дара тұлға» атты таным сағаты Шоманкөл бастауыш мектебінің ұстаздары Роза Мұхамедиярова, Дана Бейсембаева және бастауыш сынып оқушыларының қатысуымен өтті. Дана Жанатқызы жас оқырмандарды Ахмет Байтұрсынұлының өмір тарихымен таныстырды. Роза Сағидоллақызы қалагердің шығармаларына тоқталып, әр еңбегінің қандай мағынаны нұсқап жазылған мысал екенін түсіндіріп өтті. Тұлғаны терең тануға құштарлық танытқан балалар өз білімдерін ғалымның «Қасқыр мен қозы» мысалын бейнелеу арқылы көрсетті. Шара соңында қатысушылар Гүлназ Тұрсынбек, Мұстафа Қайролла, Мейірман Зада, Нұрасыл Дихан, Алуа Әбілеш, Нұрәлі Несіпбек, Бекзат Шаймерден, Ұланбек Бүркітбай, Нұрдәулет Тәуекел, Алдияр Сейсенбек, Нұртілек Тө-



леген сұрақ жауапқа белсене қатысып, алған әсерлерімен бөлісті.

Марал ОМАРОВА,

Шоманкөл ауылы кітапханашысы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам және мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салды. Қазақтың біртуар азаматы 1873 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелдин ауданындағы Сартүбек елдімекенінде дүниеге келген.

Сүйегі – арғын, оның ішінде – Үмбетей. Ал әріден таратсақ, Ахаң тарихта есімі Мәшһүр тұңғыш тархан Жәнібекпен туысады. Жәнібек батыр Шақшақтың шөбересі болса, Ахмет – Шақшақ бабаның тоғызыншы тармақтағы ұрпағы. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы еті тірі, сергек, намысқой адам болған. Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге ша-

қырады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Сонымен бірге А.Байтұрсынұлының ел арасына кеңінен тараған бірнеше әндері де бар. Атап айтсақ «Аққұм», «Қаракөз», «Екі жирен», «Қараторғай», т.б. «Қырық мысал» ұлы ағартушының түбірлі, түбегейлі тәрбиелік мақсаты мен мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасы. Кітапқа енген қырық мысал түгелдей атақты орыс ақыны М.А.Крыловтан аударылған:

Орыстың тәржіме еттім

мысалдарын,

Әзірге қолдан келген осы барым.

Қанағат азда деген, жоққа сабыр,

Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым, - дей тұрғанмен, осы қырық өлеңнің бәрі де түгелімен тіпті аударма секілді емес.

Бахыт БАГИСОВА,

Сұлжон ауылы.

«Үшқыр ой» алаңында

Қаражар жалпы негізгі білім беру мектебінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы шеңберінде әлі де іс-шаралар жалғасуда. Соның бірі А.Мұрсалованың ұйымдастыруымен өткен дебат. Мерейтой иесінің жан-жақты қырын ашып, қаншама ғылым саласына сіңірген еңбегі мен қоғамдағы сүбелі қызметін көпшілікке паш етіп, оқушы зердесіне ұялату мақсатында «Үшқыр ой алаңында» атты дебаттық кездесу өтті.



Оқушылар алдын ала берілген бағыттар бойынша өз ойларын ортаға салып, қойылған сауалдармен толықтырып отырды. 7-сыныптың Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық жолы мен 6-сыныптың тілші ғалым ретіндегі ойлары ерекше болып, көпшілік ықпалына ие болды. Ахметтей ұлы тұлғаның еліміздің жері, ұлтымыздың бойтұмары – тілі үшін жасаған батыл қадамдары, өз өмірін елі үшін құрбан етуге бел буған ерлік-

тері кезкелген адамды бей-жай қалдыра алмайды. Оқушылар өз ойларын үлкен тебіреніспен және ұстазға деген үлкен құрметпен ортаға салды. Пікірталас тартысты да, мазмұнды өтті.

Айлықтың қорытындысы ретінде, оқушылар арасында «Кім көп біледі?» ойынын өткіздік. Ойында оқушылар ұлт көсемінің өмір жолы, шығармашы-

лығы, қоғамдағы қайраткерлік жолы, отбасы, ағартушылық қызметі жайында сұрақтарға жауап берді. 5-9-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеріп, үш топқа бөліп, блиц-турнир түрінде сұрақ қойылды. Ұлт көсемі жайындағы 30 сұрақтың 9-ына жылдам, дұрыс жауап берген «Гүлдер» тобы алға шықса, «Көбелектер» мен

«Алмалар» 7-ден ұпай жинап, тең түсті. Жалпы қорытсақ, оқушылар 23 сұрақтың дұрыс жауабын білгендігі – жақсы көрсеткіш деп санаймыз. Яғни, апта бойы өткен іс-шаралардың оң нәтиже бергендігі көңіл қуантады.

Д.ИДРИСОВА,
Қаражар ЖНББМ.

АШЫҚ АСПАН АЯСЫНДА

Ұзынбұлақта...



«Ашық аспан аясында» жобасы бойынша Ұзынбұлақ ауыл кітапханасында «Білімді бала» атты оқу марафоны ұйымдастырылды. Мақсаты оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру, жас ұрпақтың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүние-танымын кеңейту, іскерлік қасиеттерін дамыту, логикалық ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, оқушылар бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру.

Шара барысында балалар өзінің сүйікті кітабы туралы айтып, оқу шапшаңдығын көрсетті.

«АСҚАР ТАУДАЙ АЛЫП ТҰЛҒАЛАР»

Ұзынбұлақ ауыл кітапханасының кітапханашысымен «Асқар таудай алып тұлғалар» атты ұстаздар арасында әдеби вернисаж ұйымдастырылды. Мақсаты әдеби тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау жүйесін жетілдіру. Қатысушылар топпен жұмыс істеп, өз топтарында әңгімені талдап, бір қатусышы түйінді ойды айтады. Басқа ұстаздар да өз пікірлерін айтып, толықтырып отырды. Қатысушылар екі топқа бөлініп, 1-ші топ «әдеби портреттегі» кейіпкерге аннотация беріп, 2-ші топ сол кейіпкерді табу керек болды. Қатысушылар белсене қатысып, өз қабілеттерін көрсете білді. Шара өте қызықты өтті.

Әзірлеген:
Ж.АҚЫЛБЕКОВА.

Қаражарда...

ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Ұлтымыздың ұлы тұлғасы, тіл жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы және тілі мерекесі шеңберінде, оқушылардың дене қимылы мен ой шапшаңдығын дамыту мақсатында бірнеше спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды.

Ұлттық ойын «Бес асық» және асық ату бойынша Қ.Бапышевтың жетекшілігімен оқушылар мергендікке сайысып, Әлтаир Бақыт және Асанәлі Болат үздік деп танылды. Олжатай Мұратбектің төрелігімен дойбы жарысы да тартысты болды. 3-сынып оқушылары Елдана Қанат және Инжу Серікбай жеңімпаз атанды. 1-4-сынып оқушыларының арасында арқан тартысы бұл күннің көрігін одан сайын қыздырды. «Сұңқар» тобы басым түсіп, жеңіс мәресінен көрінді. Ал 5-9-сынып аралығында оқушылар волейбол ойынында өз қабілеттерін сынға салды.

Бейбіт ТАЛҒАТ,
Қаражар ауылы.





АҚ БОСАҒА

Ата-әже институтын ұстанған Жармағамбетовтер отбасы

Келбет ИГІЛІК

Әр жылы тұрақты түрде өткізіліп тұратын «Мерейлі Отбасы» байқауында еліміздегі ең үлгілі саналатын отбасылардың тағдырына толы өмірлері насихатталып, түрлі айтулы марапатқа ие болуы елімізде дәстүрге айналып кетті. Отбасы құндылықтарына негізделген салт-дәстүрлерді ұлықтау – әр шаңыраққа артылған жауапкершілік. Кез келген жанұяның өзгелерден ерекшеленетін құндылықтары болады. Отбасыдағы құндылықтардың негізі махаббаттан, сенімнен, өзара түсіністіктен, береке-бірліктен бастау алады десем, жанылысқандық болмас. Өйткені, олар ғасырлар бойына маңызын жоймайтын құндылықтар. Осы бір құндылықтарды әрбір отбасы көздерінің қарашығындай сақтап, қастерлеуі керек. Себебі бала ата-анасынан, тума-туыстарынан және жақын адамдарынан үлгі алып, кейінгі өміріне азық етеді. Осындай ұстанымды ұстанған Жармағамбетовтер отбасы туралы мақала газетімізге арқау болмақ. Олар «Мерейлі отбасы» байқауының аудандық кезеңінде Бас жүлде алып, облыстық кезеңде ІІІ орын иеленген еді.

– Отан – әрбір шаңырақтан басталады. Шаңырақ шаттығын ойлаған жан отбасындағы жарын, балаларын сүйеді, өзгеге үлгі көрсетеді. Сол сүйіспеншілік айналасындағыларды, туған-туыстарын, жақын жандарын жақсы көруге, бауыр басуға ұласады. Мұның арғы жағынан Отан деген үлкен ұғым шығады. Осы үлкен шаңырақтың уығын мерейлі отбасылар ұстап тұрады, – деп бастады әңгімесін отағасы Әсет Жармағамбетов.

Тіке сөйлеп, тура айтатын Әсет аға да, көркем мінезімен ел ықыласына бөленген Айгүл апай да үлкеннен үлгі алып, артынан ерген ескелен ұрпаққа өнеге көрсетіп жүрген жандар. Өйткені, екеуі де ата-әже институтын көріп, өскендер. Бала күндерінен ырым-тиымды ұстанып өскен олар айналасындағыларға үлгі көрсетіп, қазақи қылықты дәріптеп, жалпы қоғамға өз пайдасын тигізуде. Әсет Уахитұлы 1965 жылы 3 сәуірде Павлодар облысы, Баянауыл ауданының Ақсап ауылында дүниеге келген. 1982 жылы 10 жылдық мектепті бітірген соң, әскери борышын өтеуге кетеді. Әскерден келіп, Комсомол жастар бригадасын басқарып, кейін Баянауыл совхозының жастар ұйымына секретарь болып сайланды. 1989 жылы отбасын құрып, сауда ұйымының директоры болды. 1990 жылы Баянауыл ауданындағы Наурыз мейрамын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі. 1995 жылы Баянауыл аудандық ішкі істер бөліміне жұмысқа тұрып, 2010 жылы зейнеткерлікке шыққан. Зейнеткерлікке шықса да жай отырмай, Баянауыл аудандық ішкі істер бөлімінің ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары болып сайланды. Баянауыл ауылдық қоғамдық кеңесінің мүшесі. Сонымен бірге, қалтқысыз еңбектері үшін аудандық ІІБ-нің үш медалімен, 2002 жылы Павлодар облыстық Ішкі істер басқармасының құрмет грамотасымен марапатталған. Ал отанасы Айгүл Қайырханқызы 1966 жылы 21 шілдеде Павлодар облысы, Баянауыл ауданының Бірлік ауылында туған. 10 жылдық мектепті бітірген соң, 1983 жылы Павлодар педагогикалық училищесіне түсіп, тәрбиеші мамандығын алады, бірінші біліктілік санаты бар. 1985 жылы балабақшада еңбек жолын бастаған шаңырақтың отанасы Айгүл Жармағамбетова білім әлемінің адамы. Бір үйдің еркесін, бір үйдің жалғызын өсіріп-бағып жүрген балабақша тәрбиешісі. Қалтқысыз еңбектері үшін аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттарға ие. 2019 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің алғыс хатымен марапатталған. Тәрбиеленушілері көптеген аудандық және облыстық байқаулардың жеңімпаздары. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, қазақи өнерді үйретіп, бойларына адами қасиетті сіңіріп, болашақтың тұтқасы боларлықтай ұрпақ тәрбиелеу үстінде. Бір кезде Ақсан ауылына келін болып түскен Айгүл апайды Әсет ағаның ата-анасы қазақи мінезімен, жылдамдығымен бірден ұнатқан. Содан бері тек Жармағамбетовтер отбасының ғана емес күллі туыскандардың үлгі тұтағын келіні. Бүгінгі таңда үш баланың анасы. Бала тәрбиесінде де өзіндік ерекшелігі бар. Ата мен әженің тәрбиесін көрген алтын асықтай ұлдары да, күмістей қызы да кішіпейілділіктерімен, ізеттіліктерімен ерекше. Атам қазақ «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» деп бекер айтпаса керек. Сол бақтың арқасында ауылға үлгілі отбасы ретінде танымал бұл кейіпкерлеріміздің алдағы армандары да, алар асулары да аз емес. Біріншіден ата-ана болған соң балаларының биіктей көрініп, тек отбасыларының ғана емес, елдің мақтанышы болса екен деді.

Бүгінде 2 ұл мен 1 қыздан екі немере, үш жиен сүйіп отырған бақытты ата-әже. Отбасының тұңғыш ұлы Наурызбай Әсетұлы 2008 жылы мектепті бітіріп, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне «Жылу-э-



нергетика» мамандығына оқуға түседі. Осы мамандық бойынша 2012 жылы бакалавр академиялық дәрежесін алып, «Болашақ» бағдарламасы бойынша 2013-2015 жылдары Ұлыбритания мемлекетінің Манчестер университетінде «Энергетика» мамандығы бойынша магистратураны оқып шығады. Оқу ордасы жайлы ол:

– Бұл оқу орны ғылым және технология саласындағы өңірдегі үздік университеттердің бірі болып табылады. Түлектері арасында Нобель сыйлығының лауреаттары да бар. Павлодар облысы – өндіріс орындары дамыған өңір болғандықтан инженерлік мамандарды жақсы дайындайтын Манчестер университетін таңдадым. «Болашақ» бағдарламасының беретін мүмкіндіктері өте көп, – дейді.

2015 жылдан бастап, «УПНК-ПВ» ЖШС-де қызмет атқарып келеді. 2017-2019 жылдары жұмыс бабымен біліктілікті арттыру мақсатында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша магистратураны оқып шығады. Сонымен қатар, 2012 жылдың қаңтар, маусым айларында Наурызбайдың «Каустик» АҚ, 2013 жылдың ақпан, қыркүйек айларында «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ зауыттарында да өткен жұмыс тәжірибесі бар. Қазіргі уақытта «УПНК-ПВ» ЖШС-нің логистика және маркетинг бөлімінің басшысы. Білім жолында 3 ғылыми мақала жазып, 4 біліктілікті арттыру курстарын менгерген және 2021 жылы «УПНК-ПВ» ЖШС-нің «Зауытқа 5 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды. Наурызбайдың жұбайы Әйгерім Бекенқызы 1990 жылы желтоқсанның 15-і күні Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының Тасай ауылында дүниеге келген. 2008 жылы мектепті бітіріп, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығына оқуға түседі. Осы мамандық бойынша 2012 жылы бакалавр академиялық дәрежесін алып, Алматы қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне магистратураға түседі. 2014 жылы магистр академиялық дәрежесімен сол университетке докторантураға түсіп, 2018 жылы ақпан айында «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болады. Қазіргі уақытта Торайғыров Университетінің «Электротехника және автоматтандыру» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, мамандығы бойынша 4 оқу құралының, 17 ғылыми мақаланың авторы. Екі баланың аяулы анасы Әйгерім соңғы 10 жылдың ішінде 7 біліктілікті арттыру курстарын менгерген. Наурызбай мен Әйгерім ғылым жолын таңдаған.

Отбасының жалғыз қызы Мәлдір Әсетқызы «Павлодар музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп интернат» кешені ММ-н «Хорда дирижерлік ету» мамандығы бойынша үздік дипломмен тәмамдаған. Кейін ПМПИ-де жоғары музыкалық білім алып, 2020 жылы ПМПУ-дің магистратурасын аяқтаған. Ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінде ұстаздық қызмет етеді. Шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жүлдегерлері. Аудандық білім бөлімінің құрмет грамотасымен марапатталған. 2012 жылғы облыстық «Наурыз аруы» байқауының 2-орын иегері. 2021 жылы аудандық «Келіндер» байқауында – ІІ орын, аудандық

«Сарбаз конверті» ән байқауында Бас жүлде, «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» байқауына қатысып І орын алған. Облыстық «Ән қанаты» байқауының алғыс хатымен марапатталған. Баянауылдық ақын Тілек Сейітовтің сүйікті жары, Әжу, Нұртілеу, Медігат сынды ұл-қыздың анасы.

Әсет аға мен Айгүл апайдың қос ұлы – Абай мен Әлнұр де қоғамдық жұмыстардың белсендісі, өз істерінің білікті мамандары. Абай Әсетұлы 2016 жыл ПМПУ жанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы студенттік жастар бірлестігінің төрағасы, сол жылы Павлодар қаласы «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты қалалық филиалының төрағасы болды. Одан кейін «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары Павлодар облыстық штабының басшысы қызметін атқарды. Қазыргі таңда Нұр-Сұлтан қаласында, «AMANAT» партиясының орталық аппаратында баспасөз қызметінде жұмыс істейді. 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиаданың волонтеры. ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесінің волонтеры. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы желтоқсандағы Жарлығымен «Шапағат» медалімен марапатталған. «Қоғамдық қызмет» номинациясы бойынша облыстық Ертіс Дарыны – 2020 сыйлығының лауреаты. Ал, Әлнұр Павлодар қаласындағы «Дарынды балаларға арналған мектеп-интернат» оқиды. Бұл мектепті бітірген соң, «Павлодар музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп интернат» кешені ММ-нің «Академиялық вокал» мамандығы бойынша бітіріп шығып, ПМПУ-дің жоғары музыкалық білім мамандығына оқуға түскен. Облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Елордада болған «Күншуақ» «Сәлем, Астана!» және халықаралық ән байқауының, өнер додаларының жүлдегері. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – Шахмардан Әбіловтің шәкірті.

– Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Шаңырақтың шайқалмауы үшін шағын мемлекет отбасында сыйластық болуы қажет. Сонымен қатар отбасындағы тәрбиенің да маңызы зор. Дәстүрлі қоғамда ата-әженің тәрбиесін көрмей өскен бала болмаған. Атаның жыр-дастанын, әженің ертегісін тыңдап өскен ұрпақтар рухани байып отырған. Аталарымыздан тәрбие көрген, иман жүзді, көсегесі көгерген деген сөздерді жиі естуші едік. Сол сөздер осындай жас отбасыларға қатысты айтылса керек. Ендеше басқаларына үлгі боларлықтай жас отбасыларымыз көбейіп, қазақи болмысымызды сақтайтын, дәстүрімізді дәріптейтін, салықалы да салмақты ұрпақтарымыз өсе берсін демекпіз, – деді отанасы Айгүл Жармағамбетова.

Отбасы – кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі. Отбасы құндылығы ешқашан қажеттілігін жоғалтпайды. Өйткені ол – белгілі бір әлеуметтік институт. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алатындықтан, отан немісқайлық таныту мүмкін емес. Қазақта «Ұяда не көрсен ұшқанда, соны ілерсің», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Атаға не қылсаң, алдына сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген көптеген өлшемдер бар. Осы нақылдарға қарап бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады.



ШИПАГЕР



ЕМІ ДӘРУ, ЖАНЫ СҰЛУ - ГҮЛБАРШЫН

Бағзад НҰРТАЙҚЫЗЫ

Жалпы, мамандық атаулының ішінде адам жанының арашашысы деген абыройлы атқа ие болған ақ халатты жандарға ілтипат ерекше болатыны түсінікті. Өйткені, ауырып-сырмайтын адам жоқ. Солардың қай-қайсысы болмасын дертіне дауа іздеп, дәрігердің көмегіне, шипалы қолына, жылы сөзіне жүгінетіні шындық. Сондықтан болар, ақ халатты жандарға артылар жауапкершілік те қомақты.

Дәрігердің, оның ішінде төменгі буын қызметкерлер-медбикелердің басты міндеті – сырқаттарға қалтқысыз қызмет көрсету. Олардың жұмысы-дәрігер тағайындаған процедуралық ем-шара кешенін дұрыс жүргізумен бағаланады. Науқастарға әрдайым жылы шыраймен, әдептілік ізет көрсете отырып адал қызмет етіп келе жатқан Гүлбаршын Нәжмиденқызы Аужанова қолы жеңіл медбике ретінде танымал. Қашан көрсеніз жайрандап күліп жүретін Гүлбаршын бір көрген адамға ерекше әсер қалдырады. Адамға мейірім төге қарайтын Гүлбаршын Аужанованың еңбек жолы 1979 жылдан басталады. 1977 жылы Екібастұз медициналық колледжіне оқуға түскенде марқұм анасы Үкі Гүлбаршынға ақ батасын берген еді.

«Қызым, мамандық атаулының ішіндегі ең қиыны осы дәрігерлік қызмет. Өз қызметінде абыройлы, білімді маман болып, ел-жұртыңның алғысына бөлене бер», - деген анасының батасын жадында ұстаған Гүлбаршынның еңбек өтілі 40 жылды құрайды.


Иә, 1979 жылдары Майқайың кентінің ауруханалары бірнеше бөлімдерден тұратын. Әжептәуір аумақты алып жататын аурухана кешенінде перзентхана, терапия, хирургия, балалар бөлімі, инфекциялық бөлім тағы басқа ауруханаларға науқастар күнітүні келіп жататын. Юрий Почкин, Сұңғат Шәмиев, Қабдынасыр Батталов, Әсия Ахметова, Рымжан Мұқатова сияқты дәрігерлер денсаулық күзетінде жемісті еңбек етті. Дертіне

дауа іздеген жандар үшін Гүлбаршын Нәжмиденқызының сөзі де, емі де дәру болып дарыды. Кеңестер Одағы ыдырап, жекешелендіру саясатының салқыны тиген ауруханалар кешені мүшкіл жағдайды бастан кешті. Барлық бөлімдер саны қысқарып, медбикелер, дәрігерлер қысқартуға ұшырады. Аурухана ғимараттары тоналып талан-таражға түсті. Жұмыстан босатылған дәрігерлер басқа жаққа қоныс аударды. Осының бәрін көзбен көрген Гүлбаршын да жұмыстан қысқарып, біраз уақыт үйде отырып қалды. Кейін «Майқайыңалтын» комбинатында медбикелік қызметін жалғастырды.

Қаншама халқы бар Майқайың кентінде күні бүгінге дейін үлкен аурухана жоқтығы көңіліне реніш ұялатып, «шіркін ең кем дегенде 150 адамдық жақсы ауруханамыз болса ғой», - деп ойлайтын кездері жиі.

Қазіргі таңда Гүлбаршын емхананың хирургия бөлімінде медбике ретінде қызмет етеді. Үнемі ізденісте жүретін Гүлбаршын Нәжмиденқызы білікті медбике ғана емес, адам жанының иірімдеріне терең үніле білетін психолог іспетті. Отбасы тәрбиесі, әйел адамның отбасындағы орны, қоғамдағы жастар тәрбиесі жайлы әңгіме қозғалғанда осынау мәселелерге орай өз ой-пікірлерін еркін білдіруі осыны аңғартса керек.

– Дәрігердің адамдық тұрғыдан алғанда адамгершілігі жоғары болумен қатар кәсіби білімі, іс-тәжірибесі терең болуы шарт. Науқастарға инені шанши салып, дәрілерін бере салумен іс бітпейді. Ғұлама ғалым Әл-Фарабидің мынадай ұлағатын сөзі есімде сақталып қалды: «Адам денесінің жетілуі-денсаулығы, егер дені сау болса оны сақтамақ керек, ал егер дені сау болмаса онда денді сауықтыру керек». Біздің мақсатымыз емханаға келген жандарға дертіне шипасын дарытып, қажет болған жағдайда стационарлық ем-шараны қабылдауға кеңес беру. Экологиялық тазалықтың сақталмауы, тұтынатын тағамдардың құрамында химиялық элементтердің көп болуы адам денсаулығын құртатын мәселе. Жазатайым құлап мертігу сияқты



оқыс жағдайларда басына қатер төнген жандарды ажалдан арашалап қалу – басты мақсатымыз. Қазір жастардың көпшілігі ішімдікке үйір. Темекі тарту да денсаулықтың қас жауы. Біз осындай мәселелерді басты назарда ұстап, жастарды жат қылықтан аулақ болса екен дейміз, - дейді Гүлбаршын Аужанова бізбен сұхбат барысында.

Адамгершілік парыз бен дәрігерлік парызды қатар ұстана білген Гүлбаршынның кәсіби білімділігі, еңбекқорлығы, адамгершілік қасиеті әріптестеріне, шәкірттеріне үлгі. Ұзақ жылдар бойы емханада жемісті еңбек етіп келе жатқан аурухана басшысы Сергей Зверев, емхананың аға дәрігері – Рымкеш Жүсіпова, медбикелер – Гүлшайым Мұқашева, Бақыт Ордабаева, Марзия Ысқақова, Гүлден Омарова, Қарақат Сартаева және басқалары өз қызметіне жауапкершілік сезіммен қарай білетін,

көпшілік ілтипатына бөленген абзал жандар.

Биылғы жылы Гүлбаршын Нәжмиденқызы асқаралы 60 жасқа толып отыр. Өмірден көргені де, көңіліне түйгені де мол. Ең бастысы, медбике, ақ халатты абзал жан деген қастерлі атқа кір келтірмеуге, тазалық пен адалдықты жоғары ұстай білетін көңілі ашық жан. «Адамды екі нәрсе қартайтпайды, бірі – жақсы мінез, екіншісі-жақсы сөз», - дегендей, өз кәсібінде жинақылықты, нақтылықты айнымас қағида еткен Гүлбаршын Аужанова мейірім шуағымен, жылы сөзімен ел-жұртына сыйлы. Гүлбаршын жұбайымен бірге үш бала тәрбиелеп өсірді. Отбасында аяулы жар, балалардың сүйікті анасы, немерелерінің қамқоршы әжесі. Кейіпкерімізді мерейлі жасымен құттықтай отырып, еңбегінің зейнетін көруіне тілектеспіз.

АУЫЛДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ЖАНҒЫРТУ БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ ЖОБА ӘЗІРЛЕНДІ

Денсаулық сақтау министрлігі «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын әзірледі. Жобаның мақсаты - барлық ауылдық елді мекендерді бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ, ауыл халқына шұғыл медициналық көмек көрсету тиімділігін арттыру есебінен қалалық және ауылдық денсаулық сақтау арасындағы теңгерімсіздікті қысқарту.

Жоба ауылдарда жетіспейтін медициналық пункттер, фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар сияқты БМСК объектілерін салу сияқты тағы басқа негізгі міндеттерді шешуді көздейді.

Республиканың бүкіл аумағын заманауи көп бейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісімен

қамту, соның ішінде инсульт орталықтарын, кардиология, реанимация, оңалту бөлімшелерін КТ, МРТ, УДЗ, ЭЖЖ және басқа да қажетті аппараттармен жарақтандыру.

Жоба шеңберінде ауылдарда 655 алғашқы медициналық-санитарлық көмек объектілерін салу, реконструкциялау, қосымша жарақтандыру, соның ішінде 700 мыңнан астам ауыл тұрғындарын медициналық көмекпен қамтуға мүмкіндік беретін жаңа 228 және жұмыс істеп тұрғандарының орнына 427 объект салу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, ауылдардағы медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар заманауи жабдықтармен жабдықталады, сондай-ақ тіркеу орны мен күту бөлмесі дизайнының бірыңғай тұжырымдамасы пайдаланылатын болады.

Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша, республикада АМСК нысандарының тозуы 51,6%-ды құрайды, қазіргі уақытта 33 апатты нысан бар.

Денсаулық сақтау министрлігінің алдын ала бағалауы бойынша, бұған шамамен 126,5 млрд теңге, оның ішінде бастапқы медициналық-санитарлық кө-

мек көрсетуге 9,16 млрд теңге қажет.

Жаңа медициналық нысандарды кадрлармен қамтамасыз ету үшін еліміздің 61 медициналық колледжінде 16 570 медбике мен 17 585 фельдшер дайындалады деп жоспарлануда.

Бұдан басқа, жұмыс істеп тұрған 12 орталық аудандық аурухананы жаңғырту және 20 жаңа көпбейінді орталық аурухананы ашу жоспарлануда, олар «алтын сағат» қағидатын сақтай отырып, инфаркт, инсульт, ауыр жаракат және басқа да жағдайлар кезінде шұғыл медициналық көмек көрсете алады.

Нәтижесінде қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді 100 мың тұрғынға шаққанда 226,9-дан 134,85-ке дейін төмендету, 4 млн-нан астам ауыл тұрғындарын сапалы, жедел және жоғары технологиялық медициналық көмекпен қамтамасыз ету күтілуде.

Құжат жария талқылау үшін 21 қыркүйекке дейін Ашық НҚА сайтында орналастырылған.

ШОРМАН БИ. ІЗГІЛІКТІ ІЗДІ ІЗДЕЙІК

(5-ші бөлім, Қорытынды)

Өткен ғасырдың кенестік кезеңінде «Ел ардақтысы» атанған билер мен сұлтандардың есімдерін айтуға тиым салып, қайта оларды бай-шонжарлар деп қаралаған, ал хан төрелердің ұрпақтарына қағажу көрсеткен китүрқы саясаттың салдары Баынтаудың Ақкелінің Шорман әулеті мен Көкшетаудың Сырымбеттегі Уәлихан ұрпақтарын сергелденге салғандығы жасырын емес. Бұл әулеттердің тарихы талай жылдар көзден таса болып, әлі де өз дәрежесіне лайық зерделенуді қажет ететіндіктен жазған мақаламыз ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмысы деп қабылдаса да болады. Сондықтан тілге тиек, ойға өрнек еткен «Шоң - Шорман - Шоқан - Шота шежірелеріне шолу» жасау арқылы, басқа да белгілі тұлғалар мен олар туған өлкелердің ерекшеліктеріне де тоқталуға тырыстық.

Тәуелсіздік туы желбірей бастағаннан бүгінгі күнге дейін жасалған іс-шаралар мен жарық көрген көптеген материалдардың арқасында жана серпінмен осы әулеттердің насихаттала бастағаны, әділдіктің өз орнын таба бастағаны, көкірек көзіміз көзайым бола бастағанына да қуанғанымызды жасырмауымыз керек.

Мақаламыздың басында айтылғандай, тектілердің қан араласынан текті тумай қоймайды дегенді дәлелдеуге де тырыстық. Қазақ халқы жеті санын кастерлі деп есептейді. Жеті атаға толмай қыз алыспау керек деп айтады. «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген аталы сөздер ежелден қалыптасып, философиялық түсінік ретінде бізді басқа ұлттардан даралап, ерекшелеп тұрады. Ұлттымыздың жеті ата мен жеті ұрпақ тәрбиесі – жеті атасының есімдерін жатқа білумен қатар, сол аталарының ата-мекенін, туған елінің белгілі би-шешендері мен шежірешілерін, ақын-жырауларын, батырларын, ғалымдарын, жалпы салт-дәстүрін ұрпаққа айтып беру ғана емес, болашақ үшін хаттауға тырысады. Мұның негізін әулие Мәшһүр Жүсіп бабамыздың еңбектерінен айқын көріп отырмыз.

Қазақ шежіресіндегі жеті ата атауы әртүрлі түрлемде беріледі. Осы саланы терең зерттеген мамандар жеті атаны өзінен немесе баланнан бастап жоғары санау дұрыс емес, жеті атаны әкеден бастап жоғары қарай санау керек дейді. Ал, жеті ұрпақ баладан бастап төмен қарай саналады. Мұның бәрі қан тазалығы арқылы ұрпақтың ақылды болуын, жеті ата араламай қыз алысып, қыз берісуді қатаң шектеуге бағыттайды. Бұндай озық көзқарас - ұрпақты аздырмау, өз ұрпақтарының сапалы болуын қамтамасыз ету болып табылады. Мұның дұрыстығын жоғарыда тоқталған кейіпкерлеріміз тағы да бір рет растады деп есептеймін.

Шорман бидің ізгілікті ізі игілікті істерімен тарихта қалғандығын және оның еліне жанашырлығын, азаматтық мінезін, оқу-білімге тарту жұмысын Мұса бастаған балалары, Сәдуақас қостаған немерелері жалғастырды. Осы ой - биылғы Би басына қойылған белгітасқа да ойып жазылды.

Шорман мен жары Топайдан қызы Зейнептен (1816 ж.) басқа ұлдары Мұса (1818 ж.), Мұстафа (1820 ж.), Иса (1824 ж.), Әужан (1826 ж.) туған. Бұл төрт ұлдың әрбіреуінің орны бар екенін ақынның сөзімен жалғар болсақ:

*Шорманнан туған екен төрт асыл тас,
Дәуірлеп орнап отыр мал менен бас.
Мұстафа, Әужан, Иса, Мұса мырза
Ығыңды паналаған дос пенен қас...*

Сөйтсе де мұрагерлерінің ішінде ерекшесі Мұса мырза болғандығы тарихтан белгілі. Бұл туралы көптеген мақалалар ғана емес, әсіресе, соңғы жиырма жылдықта жарық көрген кітаптар куә. Қайталамас үшін төрт жыл бұрын өткен, ұзақ жылдар (15 жыл) бойы Баянауыл дуанының аға сұлтаны болған, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы Мұса Шорманұлының 200 жылдық мерейтойы мен кесенесінің көтерілуі туралы қорытынды видеофильмді ұсынамын.

Шорман бидің тұңғыш ұлы Мұса мырза туралы әйгілі Біржан салдың мынадай өлеңі бар:

*Ассалаумағалейкум, мырза Мұса,
Жүзіңді бір көруге едім құса.
Қуандық, Сүйіндіктің қазығысың,
Кешегі өтіп кеткен әкеңе ұқса...*

Дәл осы Мұса мырзаның өмірі әкесі Шорман биге ұқсап қана қоймай, 66 жыл ғұмырында халқы мен еліне жасаған жақсылығы ұшан-теңіз болды. Бүткіл Баянауыл дуаның Ақкелінде 1853 жылы салына бастаған үй-жайының қонысында өмір сүре отырып басқарды. Бұны төрт асыл тас атанған інілері қостап, Сырымбеттегі Зейнеп әпкесі мен Шыңғыс жездесі де алыстан жанашыр бол-

ғандығы сөзсіз. Зейнептен туған 14 жиендерінің (Шоқан 1835 ж., Жақып 1837 ж., Бәдігүл 1838 ж., Ракия 1840 ж., Мақы 1845., Махмет 1849 ж., Нүрида 1850 ж., Мұхамедия 1852 ж., Шәрбану 1853 ж., Қозыке 1854 ж., Әпиә ?ж., Бапыш ?ж., Тәжібай ?ж., Қоқыш 1859 ж.) өзі неге тұрарлық. Әрине, ерекше қарым-қатынас жиендерінің үлкені Шоқанмен болғандығы туралы жазбалар жетерлік. Соның бірі академик Әлкей Марғұланның еңбегінде Шоқан Шыңғысұлының нағашысы Мұса Шорманұлына жазған 30 шақты хатын көзімен көргендігі және хаттардың бәрі де «Аяулы мырза ағамызға...» деп басталатындығын жазуы (осы сөздерді негізге ала отырып, Шоқанның атынан Мұса мырза кесенесінің басында жеке жазып қойдық).

Өмірлік тәжірибесі мол Мұса мырза Шоқанның ақылшысы, жол көрсетушілерінің бірі болғаны да анық. Шоқан арқылы Мұса мырза өзі де орыстың прогрессивті көзқараста болған озық ойлы адамдармен танысты. Сырымбеттегі жездесі Шыңғыстың отбасымен өмір бойы сыйласып әрі сырласқан ерекше жылы қарым-қатынас өмірден өткенше үзілмеді.

Шоқанның қайтыс болғанын естіген Ақкелін елінен Имантай Сәтбайұлы мен Сәдуақас Мұсаұлы бастаған адамдар Жетісудың Алтынмемел жотасының етегіндегі Көшен-Тоған шатқалында қоныстап отырған Тезек төренің ауылына барған деген ауыл қарияларының әңгімелерінен құлаққағыс болғанбыз. Шоқанның ерте қайтыс болғанына қатты қайғырған Мұса Шорманұлы көп жылдар бойы Омбы әкімшілігіне хат жолдап, тіпті арнайы барып, ғалымның қабіріне ескерткіш тұрғызу мәселесін көтерген. Осы табандылығының арқасында, Шоқан қайтыс болғаннан 16 жыл өткенде ғана 1881 жылы Жетісу әскери округінің генерал-губернаторы Г.А.Колпаковскийдің пәрменімен мрамордан белгітас қойылған. Белгітас ағы мәтіннің авторы Түркістан әскери округінің басшысы, Шоқанға деген құрметі жоғары генерал фон К.П.Кауфман болатын. (Қазіргі ескерткіш белгі 1958 жылы тұрғызылған, біздер ол жерде 2005 жылы болдық).

«Мұса Шорманұлының қартайған шағында да Шоқанның атын айтқанда екі көзінен жас парлап отыратынын көзі көрген Г.Н.Потанин жазды» - дейді Шота ағамыз. Шоқанның қысқа өмірінде жасаған ғаламат еңбектерін және жеке өмірін насихаттауда құрдас досы, саяхатшы-географ, ғалым-этнограф, жерлесіміз Григорий Потаниннің орны ерекше. Григорий Николаевич Ақкелінде Мұсаның, кейіннен Сәдуақастың шаңырағында, сол сияқты Сырымбетте Шыңғыстың, кейіннен балаларының отбасында бірнеше рет болған. Бұл бір-бірінен айымақ екі ауылдың екі өлкеде болғанына қарамастан талай мейталанан маркашалар осы кастерлі топырақтарды табанымен басқандығына кәрі тарих куә.

Шорман би мен күйеу баласы Шыңғыс арқылы басталған құдалық, кейіннен әулеттердің ұрпақтарымен қарама-қарсы құдалыққа ұласқандығы - Ақкелін мен Сырымбетті жақындастырғаны сондай, жоғарыдағы Біржан салдың ізін басып, сонау Сырымбеттен Ақан сері де Ақкелінге келіп, Шорман бидің немересіне «Жігіттің падишасы Әмір Темір...» деп «Майдақоңыр» әнін арнаған. Сәдуақас Шорманұлы жан жолдасы, ғаламат зор дауысты әнші Жарылғапберді Жұмабайұлымен Ақкеліннен аттанып, Сырымбеттен алғашқы жарты Нуридан әкелерде Зейнептің тағы бір ұлы Қозықеден (Сақыпкерей) дүйім елге белгілі «Топайкөк» әнін үйреніп, Баянаулаға Жарылғапберді әкеп жайғанын әрбір қазақ біледі. Жаяу Мұсаның жас кезінде Сырымбетте Шоқанмен, інісі Жақыппен дос болғанын баянауылдық жазушы Зейтін Ақышевтің «Жаяу Мұса» романынан білсек, атақты әні «Ақ сисаның» өмірге келуіне Ақкелінде болған тосын оқиғаның себепкері - «Ақкелін» ауылының болысы Шорманның Мұстафаның әнге қосылуы куәгер. Сөз ретіне қарай айта кетейік, атақты әнші Майра Шамсутдинова Ақкелінге Мұсаның немересі Жәржанға күйеуге шығып, келін болып түскен. Орыстың қаншама озық ойлы, белгілі адамдары (К.К.Гутковский, А.К.Гейнс, Н.М.Ядринцев, Г.Н.Потанин және т.б.) Ақкелін мен Сырымбетте, осы екі әулеттің арқасында талай рет болған. Қасиет қонған екі кішкентай ғана ауылдардың арасындағы соқпақ жолдың бастамасын арғы заманда Бұхар бабамыз сырқаттанғанын естіген Абылайхан Бурабайдағы Хан Ордасынан ақ боз аттарымен жеделдете келіп, көніл сұрағандығы, яғни бұл тұлпарлардың дүбірімен салынған сара жол десек те артық емес шығар.

Ақкелін ауылында (Кеңес үкіметі 1928 жылы Теңдік ауылы деп атап, 90 жыл-

дан кейін 2018 жылы Мұса Шорман есімі берілді) туып өскен біздерді осының бәрі ойлантатын. Ата-бабаларымыз табаны тиген Сырымбетті де барып көрсек деген ойдың сәті 2009 жылы достарымыз, профессорлар Оралғазы мен Гуляның (Сырымбеттің тумасы) арқасында іске асты. Қазіргі кезде Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына қарайтын Сырымбеттегі Хан ордасынан кейін, Айғаным әже, Шыңғыс сұлтан, Зейнеп әжеміздің бастарына зиярат жасауға жұбайым Әтіргүл екеумізді достарымыз апарды. Әрине, Сырымбеттен аздап шалғайлау жатқан Ақан сері, аудан орталығындағы Құлагер ескерткіші, Ағынтай және Қарасай батырлар басында да болып, құран бағыштадық. Сонда байқағаным, батырлардың басынан басқаларының өз дәрежесінде емес болып көрінді. Уақыт өте келе 2016 жылы Айғаным әже кесенесі бой көтерді. Ақан сері мазары жаңартылатын уақытта алыс емес шығар. Ал, екінші дүние жүзі соғысы кезінде Ресейден көшіп келген жетімдер үйінің балалары сыртқы қоршауын өртеп жіберген Шыңғыс төренің зираты (Сырымбеттегі музей директоры Құлбаев Уәлиханның айтуы бойынша) мен Зейнеп әжеміздің басын көтеру мәселесі - маған Шота ағамыз екеуміздің ортамызда болған оқиғаны еске түсіреді: 2005 жылы Талдықорғанның Алтынмемел бойындағы Шоқан бейітіне ол кісі бастап бірге барған едік. Сол жерде бейіт басынан бір уыс топырақ алған Шота ағамыз: «Бауырым, Алтынбек, мына бір шөкім топырақты Ақкеліндегі Мұса мырза бейітіне аманат ретінде апарып сал, аруағы риза болсын, мен өзім мына бір уыс топырақты Сырымбеттегі Зейнеп әжеміздің басына апарайын!» - деп еді. Аманатқа қиянат етпей орындаған миссиямыз, кейіннен Мұса Шорман әулетіне арналып салынған кесене мен музейге ұласты.

Бұл туралы жазбалардан басқа, Шота ағамыздың толық шығармашылық мұрасын насихаттайтын, биылғы жылы басыпадан жарыққа шыққан «Шот-Аман Уәлихан» атты 7 томдық керемет кітаптарды қызы Баян Уәлиханова аса ыждағаттылықпен дайындап, әке алдындағы парызын, әулет алдындағы міндетін, жалпы Қазақ Еліне керекті дүниені абыроймен орындап шықты. Өткен жылы Кеңсайда Шота ағаның басында дұға бағыштағанымынан кейін, Баян Шотақызы сол жерде тұрып, «Әкеме сөз бердім, 90-жылдық тойға дейін қандай қиындық болса да көптомдығын бастырып шығаруға» - деп еді. Серті орындалғанына қуаныштымын, сол жолда кеңесші болып редакциялық алқада атсалысқанымды өзіме мәртебе санаймын. Жұбайы Зинаида Кәрімқызының қуанғаны өз алдына бір бөлек. Ағамыздың 90-жылдық мерейтойының құрметіне кітаптардың тұсаукесері Алматы және Қызылжар қалаларында жоғары дәрежеде өтті. Ендігі кезек Елордада.

Шота Уәлиханов туған жері Сырымбетке келгенде қарсы алатын туысы, музей директоры Уәлихан Құлбаевтың айтқаны: «Шота ағамыздың Шыңғыс бабасы мен Ақ әжесінің басына қоятын жобаны дайындағанын өз аузынан естігем» - дейді. Марқұм Шота ағаның бұл да бір соңғы аманаты ма екен?! Алла сәтін салса, ол да орындалар. Сырымбетте туған Шыңғыс пен Ақкеліннің тумасы Зейнептің тұңғышы Шоқанның рухы осыны сұрап тұрғандай.

1865 жылдың 23-ші сәуірінде (ескіше 10-ы) қайтыс болған Шоқан туралы «Жиырма тоғыз жарым ғана жас жасаса да, кемеңгер азаматқа айналған ұлы болған, біздің халық қандай бақытты десеніңізі» - депті тағы да Шота ағамыз. Алматының орталығында Қазақ Ғылым Академиясының ғимаратын салған Қазақтың Қанышы Ақкелін ауылында тұса, Айғаным әжесінің бауырында Сырымбетте өскен Шоқанның еңселі ескерткіші қарама қарсы қатарласып ойға батып тұрғаны - мен үшін Ақкелін мен Сырымбеттің сиқырлы сырын айғақтап тұрғандай!

Осы екі киелі топырақтың әйгілі тарихи тұлғаларының тізіміне тоқталсақ, бастапқысына тікелей қатысы бар Бұхар жырау бабамыздан бастап, Шорман би, Мұса Шорманұлы, Зейнеп Шорманқызы, Сәдуақас Шорманов, Әбікей Сәтбаев, Қаныш Сәтбаев, Кемел Ақышев деп, ал екіншісіне Айғаным Сарғалдақтегі, Шыңғыс Уәлиханов, Шоқан Уәлиханов, Мақы Уәлиханов, Сақыпкерей Уәлиханов, Кәкімбек Салықов, Шота Уәлиханов, Қожахмет Балахметов деп кете береді. Бұл текті тұлғаларды биікке көтерген қайнар көз - ол білім. «Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар» дегеннің дәлелі дәл осындай тарихи тұлғалар.

Қазақтың кең даласында қаймағы бұзылмаған, тарихы терең, берері мол осындай ауылдар заманның күрделілігіне қарамай



(урбанизация мәселесі де бар) әлі де аз емес, жетерлік. Тек соны зерттеп, насихаттап жазып, көрсете білуді бүгінгі күн талап етеді. Мұндай құт пен бақ қонған ауылдарда туған тұлғалардың зерлесі туралы, жалпы білім туралы, биыл 125-жылдығы аталып өтіп жатқан кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов: «Білім - бақтың жібермейтін қазығы, Білімсіз бақ - әлдекімнің азығы» депті. Темірқазығы мықты бақ - біліктігі мықты азаматтармен толық беретіні хақ!

Академик Қаныш Сәтбаевтың «Ел тарихын есіңнен шығарма» деген сөздері бүгінгі біздерге айтылған сияқты әрі осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуде өткен тарихқа шолу жасау - туған жерге деген сүйіспеншілігіңді арттыра түседі. Бұл мақалада көңілге түйер тағы бір ой - ол жеті атанды тани отырып, өзіңнің руынды білу, алайда рушылдыққа бой ұрмау. Мен өз жеке басым бұған түбегейлі түрде қарсымын. Себебі, оның ұлтты ұйыстыру жолында «ұйқыңды қашыру» көбірек.

Мақаланың негізгі өзегі - тұлғатану идеясы болғандықтан, елдік ой-сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен патриотизмді нығарлау, біртұтас ұлт болу мұратына жетелеу болып табылады. Бұл әрбір Отаның сүйетін азаматтың ары мен міндеті. Әсіресе, келешегіміз - оқушылар мен студент жастар үшін маңызды. Бүгінгі жастар арасында жақсы білім алған, бірнеше тіл білетін, халқының тарихы әрі дәстүрімен қатар заманауи өмір салтын ұстанатын жаңа қазақтар буыны аз емес. Болашақ ұрпақты ел тізгінін ұстаған ақылман абыздарымыз, білгір билеріміз бен данагері жырауларымыз, батыр бабаларымыз, ғұлама ғалымдарымыз туралы туындыларды көрсете отырып, тәрбиелесек деген ниет.

Халқымызда «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлттың тәрбиесімен тәрбиеле» деген тәмсіл бар. Жасампаз ұрпақ тәрбиелеу - халқымыздың келешегіне кызмет ету деген сөз. Ұлттық құндылықтарымызды қазіргі таңның жетістіктерімен үйлестіріп, тұлғатану жолында ата-бабаларымыздан қалған мұраларды жастардың санасына сіңіре беріміз керек.

Түйіндей айтсақ, Шорман бидің салған сара жолының ізгілікті ізі де осында жатса керек.

Құрметті оқырман! Осымен Шорман би бабамызға арналған толғауымыз тәмам.

P.S. Бұл мақалада айтылған деректі материалдар туристерге дайын мәліметтер ретінде қолдануға болады деп есептейміз. Депутаттық сауалымыздағы «Балалар ізімен - Баянауылға» атты туристік зиярат ету жолы да осы ойларға негізделген болатын.

Шорман бидің белгітасы мен ас беру рәсімінде басты ұйымдастырушының бірі Сәйсенбек Ыдырысұлы ағамыз еңбегімізді атап өткеніне ризашылығымызды білдіре отырып, жарыққа шығып жатқан материалдардың бәрінде бабамыздың ізгілікті ізін айшықтап жатқан журналистер қауымына да алғысымызды айтамыз. Шорман би бабамыздың рухы бәрімізді желеп-жебеп жүрсін!

Ізгі ниетпен,
Алтынбек НУХУЛЫ
ҚР Парламенті Сенатының депутаты,
ҚР Журналистер одағының мүшесі,
Баянауыл ауданының Құрметті азаматы.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Ардақты әке, асыл жар, дос жаранға қадірлі болған **Бижанов Мағауия Ахметұлының** мәңгілік мекеніне аттанғанына бір жыл толып отыр.

Оның жүрегінің жылуы, азаматтығы ерекше сезіліп тұрушы еді. Отбасымызбен тірегімізді қашанда дұғамыздан тастамай жаны жәннатта болуын тілейміз.

Қайран әке, жастығын тез ұрлатқан,
Мойымай нала шаққа...
Көңіліме нұр құйып, көзімді ашқан.
Жол сілтеп болашаққа...
Айтқан ақыл, салмақты сөзің мақтан.

Бастаған парасатқа...
Жүрміз әлі жан әке, өзің жаққан.
Жылынып сол ошаққа...
Қайран әке,
Жаны-жаз, сөзі-көктем
Жүруші ек көп еркелеп...
Жүрміз бүгін жақсының көзі боп біз...

Ержетіп
Тек ертерек...
Жаныңыз жәннатта болсын жан әке.

Әкемізге арналған жылдық дұға асы 25 қыркүйек күні сағат 13.00-де Жанажол ауылында Мәдениет үйінде беріледі.

Сағынышпен еске алушылар: балалары, жары, туыстары.

РУХЫҢ ПЕЙШТЕ ШАЛҚЫСЫН...



қайғымызға ортақтасқан барша ағайын-тума, құда-жекжат, жора-жолдас, көрші-қолаң мен барша көз көрген жамағатты шақырамыз.

Сағынышпен еске алушылар: жолдасы Зауреш, балалары, немере-жендері.

Асқар тау әке, асыл жар, ардақты ата, еліне қадірлі жан **Бақыт Жәміңұлын** сағынышпен еске аламыз.

Әкеміздің мәңгілік мекеніне аттанғанына 40 күн толады. Жаны жәннатта шалқып, топырағы торқа болсын деп Алладан дұға тілейміз.

Елге сыйлы, абыройлы дана болған әкетай,
Әулетіңе қызғыш құстай пана болған әкетай.
Жарқын бейнең мәңгі есте, жүректерден өшпейді,
Сағынышпен қол жаюдан басқа амал келмейді.

Әкеміздің рухына арналған қырық күндік асы 23 қыркүйек күні сағат 13.00-де Ұзынбұлақ ауылдық округі, Ақши ауылында өтетінін хабарлай отырып, қайғымызға ортақтасқан барша ағайын-тума, құда-жекжат, жора-жолдас, көрші-қолаң мен барша көз көрген жамағатты шақырамыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алтын Инжиниринг» ЖШС атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің, жол берілетін төгінділер нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылғы 21 қазанында сағат 15.00-де өтеді. Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, с.Майкайың, әкімдік ғимараты мекен-жайы бойынша.

Карантиндік шаралар ұзартылған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге көшуді сұраймыз:
<https://us04web.zoom.us/j/76453079796?pwd=zpmob0E5BWsXUoewDKnSRUzWubx17B.1>
Идентификатор конференция: 764 5307 9796
Код доступа: 5555

Бастамашы: «Алтын Инжиниринг» ЖШС, тел: 8(777) 199-33-09
ҚОӘБ жобасын әзірлеуші: «КазЭкоПроект» фирмасы Борщенко С.В. ЖК, тел: 8 (7162) 52-52-60.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ecportal.kz сайтта танысуға болады.
Жоба бойынша қосымша ақпаратты kazecoproect2012@mail.ru, 8(716-2)52-52-60 телефон арқылы сұратуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz, Павлодар, Жеңіс алаңы, 17 ғимарат.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Алтын Инжиниринг» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, нормативов допустимых сбросов, программы по управлению отходами, проект программы производственного экологического контроля и плана мероприятий по охране окружающей среды.

Общественные слушания состоятся 21 октября 2022 года в 15.00. По адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, с.Майкаин, здание Акимата.

В случае продления карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: <https://us04web.zoom.us/j/76453079796?pwd=zpmob0E5BWsXUoewDKnSRUzWubx17B.1>
Идентификатор конференции: 764 5307 9796
Код доступа: 5555

Заказчик: ТОО «Алтын Инжиниринг», конт. тел: 8(777) 199-33-09
Разработчик проекта ОВОС: Фирма «КазЭкоПроект» ИП Борщенко С.В., конт. тел: 8(7162) 52-52-60

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecportal.kz.
Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8(716-2)52-52-60, kazecoproect2012@mail.ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области» по адресам temirgalina.aliya@pavlodar.gov.kz и г.Павлодар, площадь победы, строение 17.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Требуются рабочие отделочных специальностей: маляры-штукатуры, плиточники (кафельщики), разнорабочие. Оплата стабильная, заработная плата при собеседовании. Рассмотрим бригады.

Срочно нужен сварщик.
Тел: 87055437903, 87774508454.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Требуются водители категорий «С» и «Е» на дом отдыха «Березовая Роща» оплата стабильная. Заработная плата при собеседовании.

Тел: 87055437903, 87774508454.

«Баянтау» газетінің редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылғы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Директор:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУҒАНОВА
8-702-179-10-87

Дизайнер-оператор:

Ерболат Қабышұлы
СЕКСЕНБАЕВ
8-705-198-67-07

Штаттан тыс тілшілер:

Бағзат Нұртайқызы
ӘБДЕНОВА (Баянауыл)
8-777-612-86-96

Мұхамет-Қайыр
ШӘРІПОВ (Жаңатілек)
8-705-629-82-30

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі, 49-үй,

Жұмыс тел.: 9-28-38, 9-28-37
Әл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана, ал мезгілінде жеткізілуіне пошта бөлімшесі жауап береді.

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Таралымы: 2720 дана
Апталық таралымы: 5440 дана
Көлемі: 2 б.т.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Баянауыл ауылы, М.Әуезов көшесі 100, 1-пәтер үй сатылады. Үй 4 бөлмелі.

Емхана, мектеп, автобекет үйдің маңында. Үйге су тартылған. Қора, бақшасы бар. Не болмаса Екібастұз қаласындағы 1-2 қабаттағы 2 бөлмелі пәтерге айырбастауға болады.

8-705-342-68-93 номеріне хабарла-сыңыздар.

ПРОДАМ КВАРТИРУ

Продам трехкомнатную квартиру с ремонтом и с мебелью. Водопровод проведен. Есть земля 5 соток, имеется сарай

Баянаул по ул. Жаяу Мусы д.23, кв. 8, 2 этаж. тел. 8 71840-9-24-28

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Баянауыл ауылы, Сәтбаев көшесі 46 үй сатылады. Бағасы 6 млн. теңге.

Қосымша ақпарат алу үшін телефон номері: 87051596402.

ПРОДАМ КВАРТИРУ

Продам двухкомнатную квартиру с ремонтом и с мебелью в центре села Баянаул по ул. Сатпаева д. 34, кв. 3, за 8 млн. тенге.
тел. 8 777-334-75-83 Гульфия

Оқшау ой...



Бағдат НҰРТАЙҚЫЗЫ

**АҚЫЛЫ ДАРИЯ –
КАРИЯЛАР ҚАЙДА КЕТТІ?**

Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда осыдан 25-30 жыл бұрынғы қарияларды іздейтін болдық. Ақыл айтса да, ұрысса да өздеріне жарасып тұратын. Күн ұясына қонақтар сәтте ауыл шетіндегі биік дөңнің басына жиналып қариялар ұзын-сонар әңгімеге кірісетін. Кейде мәжілістерінің соңы керіспен аяқталатын. Қалай болғанда да, қариялар ауылдың берекесі, қазынасы еді. Ия, өткенімізді үлкендерсіз көзге елестету мүмкін емес. Біздің бүгінгі нұрлы өміріміздің көркі, қоғам айнасы кеудесі алтын сандық қариялар екені даусыз.

«Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер», - демекші, қазіргі қарияларымызға қарап, олардың сөйлеу мәнерінен бастап, жүріс-тұрысынан даладай дархан кеңдікті, парасат тұнған даралықты, даналықты іздеймін. Ас беру дұға асы рәсімдерінде, той-томалақтарда нақышына келтіріп би-паздап бата беретін ағаларды көргенде ерекше риза боламын. Ал кейбір қарияларымыз бата беру орнына тілек айта салатыны көңілге кірбің ұялатады. Таяуда жасы 90-нан асып өмірден өткен атамның жылдық асында көз ұялатын жағымсыз көріністің куәсі болдым. Құран оқылып, ас ішіліп болған соң, бата берілді. Бәрі аяқталған соң орнымыздан тұрып, шығар ауыздағы есікке қарай аяңдап келе жатқан менің көзім бір үлкен кісіге түсті. Басында оюлы тақиясы бар жасы 70-тің о жақ бұ жағындағы азамат дастархан ортасындағы кәмпит толы табақтан қолымен тәттілерді көсіп алып, костюмының қалтасына тоғыта бастады. Мен әлгі кісіге қарап тұрып қалдым. Ол жан-жағына қарамастан тәттілерден алақанымен толтырып бір-екі рет алып қалтасына салды да, жөйімен сыртқа беттеді. Бұл Екібастұз қалалық мешітінде көрген жағдай. Бізде ауылдың қариялары кәмпитті алмақ түгілі ауыздарына да салмайтын шығар.

Осы көрініс әлі күнге дейін ойымнан шығар емес. Шынымен қазіргі үлкендер ұсақталып кетті ме? «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді», - демекші, көпке ренжуге болмас.

Қалай болғанда да құрметті зейнет демалысына шыққан аға буын өкілдері қоғамымыздың басты құндылығы болып табылады. Біз ардагер ағаларымыздың бойынан елге деген шынайы ұлтжандылық рух пен адал еңбектің айқын көрінісін көргендей болатынымыз ақиқат.

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ ЖАҢАЖОЛ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІ МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ**

**Ақпараттық хат
Құрметті қауым!**

2022 жылдың 24 қыркүйегінде Халық қаһарманы, академик Шапық Шөкиннің 110 жылдығына орай Павлодар облысы Баянауыл ауданы Мәшһүр Жүсіп ауылында Академик Ш. Шөкин атындағы Өлкетану музейінің салтанатты ашылуы өтеді.

Шапық Шөкіұлы Шөкин (1.10.1912 - 4.7.2003) – әлемге әйгілі ғұлама ғалым, қазақстандық энергетика ғылымының атасы, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі (1954), техника ғылымдарының докторы (1954), профессор (1956), Қазақ КСР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер (1961), КСРО энергетикасы және электрификациясының үздігі (1966), КСРО-ның құрметті энергетигі (1982), Қ.И. Сәтбаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1991), Тәуелсіз «Тарлан» платина сыйлығының иегері, еліміздің ең жоғары марапаты «Халық қаһарманы» алтын жұлдызының иегері (1996).

Академик Ш.Ш. Шөкин атындағы Қазақ энергетика ғылыми-зерт-

теу институтының негізін салушы және алғашқы директоры (1944-1988), Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Президенті (1964-1967), Академик Ш.Ш. Шөкин атындағы Қапшағай ГЭС-інің және Қ.И. Сәтбаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналының авторы әрі бастамашысы болды.

Шапық Шөкиннің шын аты – Имам Шафиғ, Әулие Мәшһүр Жүсіп қойған екен. Ол Ташкентте оқып, сосын Омбы қаласындағы Техникалық институттың гидроэнергетика мамандығы бойынша оқуын бітіреді. Қ.Сәтбаев келешегі бар жасты танып, Ғылым Академиясына қызметке шақырады. Ш.Шөкин ҚазақКСР Ғылым Академиясының ашылуына есепсіз еңбек сіңірді. Қаныш Сәтбаевтің сенімді серігі, білімді інісі, ізбасары болды.

Академик Шапық Шөкиннің 110 жылдығына орай туған жеріне музей ашып, концепциясын жасап, материалдарын дайындап, де-меушілерді тауып, бастан-аяқ жұмыстарын жүргізген академиктің жерлесі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану

институтының PhD докторанты Бағдат Даниярұлы Дүйсенов.

Академик Шапық Шөкиннің 110 жылдығын атап өту аясында мынадай шаралар өтеді:

– Мәшһүр Жүсіп ауылының кіреберісіне орнатылған арканың ашылуы

– Академик Ш. Шөкин атындағы Өлкетану музейінің ашылуы

– «Ғұлама ғалым, ерен энергетик елінде» атты конференция және концерттік бағдарлама

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мемориалдық кешенінің кесенесінде құран бағыштау, музейді көру, ас тарту

Өткізілетін уақыты: 2022 ж. 24 қыркүйегінде, сағ. 10.00-де басталады.

Ұйымдастыру комитеті:
Бағдат Даниярұлы Дүйсенов,
8-7027878127; e-mail: bagdat75@inbox.ru

Кенжалин Сәбит, Жаңажол а/о әкімі, 8-7753852576

Есентаев Орынбай, музей қызметкері, 8-7711343316

**Құрметпен,
ұйымдастыру комитеті.**

Көмектесу үшін бірігеміз

16 қыркүйек күні сағат 16.00-де Қазақстанның барлық ірі қалаларында бір мезгілде «Халық заңгері» республикалық акциясы басталады. Егер құқық жөнінде сұрақтарыңыз болса және ол жайында сауатты кеңес алғыңыз келсе, ҚР үздік сарапшыларынан кеңес алу мүмкіндігін пайдаланыңыз. «Халық заңгері» - мемлекеттік орган өкілдерінің, жетекші заңгерлердің, ҚР адвокаттарының халыққа заң бойынша тегін көмек көрсетуі. Ұйымдастырушылар: ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, «Параграф» АЖ, zakon.kz желілік басылымы, мемлекеттік органдар, адвокаттар мен заңгерлер. Акцияның өтетін орнын білу, өз қалаңдағы акция сарапшылары туралы ақпарат алуға мына сілтеме арқылы кіре аласыздар https://prg.kz/paragraph_global#lawyer. Заңгерлердің білікті көмегін қажет ететін азаматтарды күтеміз!

Ақпарат интернет желісінен алынды.

«Баынтау» Instagram парақшасына

**ЖАРНАМА
ҚАБЫЛДАУ**

@bayantau_gazeta парақшасына

жарнама орналастыру –
1000 теңге.
Post және stories



+77021791087